

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2022 жылғы 21 сәуір**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы енгізіліп отыр.

Түркі Академиясын құру 2009 жылы өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының ІХ саммитінде Қазақстанның бастамасымен көтерілген болатын. Оны өздеріңіз жақсы білесіздер. Содан кейін Түркі Академиясы 2010 жылы түркі әлемін зерттеу ғылыми орталығы ретінде жұмысын бастады және кейінірек халықаралық статусқа ие болды.

Академияның мақсаты – түркі тілдерін, әдебиеті мен мәдениетін сақтауға, дамытуға және танымал етуге бағытталған түркология саласындағы зерттеулерді үйлестіру.

Қазіргі таңда академияға мүшелікке Қазақстаннан басқа Қырғызстан, Әзірбайжан және Түркия елі қол қойған.

Бүгінгі қарастырылып отырған келісімге 2020 жылдың 16 қарашасында қол қойылған болатын.

Академияның штаб-пәтері Нұр-Сұлтан қаласында орналасқаннан кейін келісімнің мақсаты елімізде жұмыс істеу кезеңіндегі Түркі Академиясының мәртебесін, оның артықшылықтары мен иммунитеттерін айқындау болып табылады.

Академияда бүгінгі күні 17 адам жұмыс істейді, оның ішінде 2 қызметкері шетел азаматы.

Келісім күшіне енгеннен кейін академияның жергілікті және шетелдік қызметкерлері Сыртқы істер министрлігінде аккредиттеуден өтуге тиіс. Бұл қалыптасқан тәжірибе. Шетелдік қызметкерлер үшін бұл олардың ел аумағында болуына негіз болып табылады.

Академия ғылыми зерттеу жұмыстарымен, кітаптар мен журналдар шығарумен, түркі елдерінің атақты ғалымдарына халықаралық форумдар мен конференциялар өткізуде, түркология бойынша ғылыми жұмыстар жүргізуде үлкен белсенділік танытып келеді.

Академия негізі қаланған сәттен бастап Қазақстан, Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропа, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан және басқа мемлекеттердің жетекші ғалымдарының қатысуымен ғылыми жобаларды іске асыруда. Соның ішінде әсіресе археология саласында, тарих саласында үлкен жұмыс жүргізіп жатыр. Мысалы, алдыңғы жылдардан бастап Моңғолияда біраз үлкен қазба жұмыстары жүргізілді, Қазақстанда да қазба жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осындай үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қазіргі уақытта 60 мың атаудан асатын кітап қорын толықтыру бойынша академияның жұмысы жалғасуда. Кітапхана жанынан сирек кітаптар мен қолжазбалардың мұрағаты құрылды. Жалпы 2016 – 2021 жылдар аралығында академия тарапынан ағылшын, әзірбайжан, қазақ, қырғыз, венгр, моңғол тілдерінде, сондай-ақ түрлі түркі тілдерінде жүзден астам жаңа ғылыми кітаптар жарық көрді.

Құрметті депутаттар! Түркітілдес мемлекеттер ұйымына қатысушы елдермен ынтымақтастықты нығайтудың және Қазақстан Республикасының түркі әлеміндегі рөлін арттырудың маңыздылығын назарға ала отырып, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Асхат Қанатұлына. Екі сұрақ.

1. Келісімнің 3-бабына сәйкес академия қабылдаушы ел берген ғимаратта астанамызда орналасатын болады делінген. Осыған орай сұрақ: келісім ратификацияланғаннан кейін Қазақстан тарапы Түркі Академиясына арнайы бір ғимаратты бөлуге дайын ба және ол үшін қажетті іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр ма?

2. Келісімнің 12-бабының 9-тармағына сәйкес қабылдаушы елдің уәкілетті органдары өз міндеттемелерін орындау мақсатында академияның ғимаратына Президенттің жазбаша рұқсатымен ғана кіре алады деп белгіленген.

Келісімде уәкілетті органдардың анықтамасы берілмеген. Мысалы, соған байланысты ішкі істер органдарының қызметкерлері немесе Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде академияға кіру үшін президенттің рұқсатын күтіп отыру қажет пе? Бұл қаншалықты дұрыс? Рақмет.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет, Әлімжан Сейітжанұлы.

Бірінші сұраққа келетін болсақ, қазіргі уақытта тиісті жұмыс жүргізілуде, дайындық бар және бүгінгі күні тиісті ғимарат берілді. Ол қазіргі уақытта Дипломатиялық қалашықта орналасқан (адресі Е-179 көшесі, 32, 37-ғимарат). Біз тұсаукесерін өткіздік, ашылу рәсімі өтті, Түркі Академиясы жұмыс істеп жатыр. Біздің қонақтарымыз да келіп, қазіргі уақытта жұмысын жүргізіп жатыр. Бұл мәселе бойынша ешқандай проблемалық сұрақтар туындап жатқан жоқ.

Екінші мәселеге келетін болсақ, бұл пункт осы келісімшартта міндетті түрде белгіленген. Неге? Өйткені Вена конвенциясының шеңберінде 22-бап бар, сол 22-бап дәл осындай нұсқада берілген. Сондықтан осы халықаралық тәжірибеге сүйене отырып және басқа да түркі тілдес мемлекеттердің әртүрлі ұйымдарының (ТүркПА, басқа да ұйымдар) тәжірибесіне қарай осы норма енгізілді.

Бұл ішкі істер органдары немесе басқа бір органдардың осы ғимаратқа келуіне, болмаса министрлік немесе басқа біздің мемлекеттік органдардың келуіне кедергі бола ала ма деп сіз өте дұрыс сұрақ қойып отырсыз.

Біз бүгін осы ұйыммен жұмыс істеп жатырмыз, біз ғана емес, біздің басқа да ғылыми ұйымдар, университеттер өте тығыз жұмыс жасап жатыр. Сондықтан ғимаратқа кіру үшін, әртүрлі іс-шараларды өткізу үшін ешқандай кедергі жоқ. Ол үшін біз ұйымның президентімен келіспей-ақ, тиісті шараларына қатысып, кіруге мүмкіндігіміз бар. Бұл норма әртүрлі істі қарау барысында тиісті ішкі істер органдарына ғана тиесілі. Бірақ солай болғанның өзінде де халықаралық шарттардың негізінде ондай норманы аттап өтуге де мүмкіндік бар. Ол тиісті халықаралық келісімшартта қарастырылған. Егер сондай арнайы жағдайлар болатын болса, егер нақты сол ғимаратқа кіріп, тиісті жұмысты жүргізу керек болатын болса, онда бекітілген тиісті жолдары бар, оларды да қолдануға мүмкіндік бар екенін айтқым келеді. Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Асхат Қанатұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлына беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Адамзат өркениетінде түркі руханиятының ерекше орны бар. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін түбі бір түркі халықтарының ортақ ұлттық құндылықтарын бірлесіп игеруге мүмкіндік туды. Міне,

сондықтан да бауырлас түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, тілі мен әдебиетін зерделеп, түркі әлеміне қатысты ғылыми зерттеулерді үйлестіру мақсатында Түркі Академиясы құрылды.

Мен өзім бұл ұйым құрылатын кезде басы-қасында болдым. 2012 жылы ұйымды құру туралы келісімге қырғыз елінде Қазақстанның атынан қол қойып едім. Міне, бүгін сол кезде қойылған мақсаттардың көбі орындалғаны қуантады.

Осы 10 жыл ішінде Түркі Академиясы толықтай қалыптасты. Ортақ мұраларымыз зерттеліп, зерделеніп, монографиялар, зерттеулер, хрестоматиялар шығарылды. Түркі тектес мемлекеттердің тілі, тарихы, мәдени ескерткіштері жинақталып, ортақ рухани қазыналарымызды игеруге мүмкіндік берді. Түркі халықтарының мәдениеті бір-бірін байыта түсті.

«Мәдени мұра» ұлттық жобасын игеру барысында Түркі Академиясы ғылыми әлеуетін көрсетті. Түркі Академиясының ғылыми, мәдени-рухани қызметі уақыт сынынан өтті. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау өте қажет деп есептеймін. Неге?

1. Қабылдаушы ел Қазақстан Республикасы екендігі жөнінде заң күшіне енеді.

2. Академия қызметкерлері өз қызметіне қатысты әрекеттердің барлық түрінен иммунитетті пайдаланады.

3. Түркі кеңесі мен Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің тулары академия ғимаратында сақталады.

4. Академия кедендік төлемдер мен салықтардан босатылады.

5. Академияның мүлкін және қызметтерін айқындау мәселелері шешіледі.

Бүгінде академия бірегей интеллектуалды алаң ретінде түркі әлемінің ғылымы мен білімі саласындағы басты үйлестіруші орталыққа айналып отыр. Бұл еліміздің түркі әлеміндегі алып отырған орнының ерекше жоғары екендігін көрсетеді.

Түркі Академиясы шеңберінде еліміздің ғалымдары мен зерттеуші мамандары үшін университеттерге, тарихи және мәдени ошақтарға және ғылыми кітапханаларға жол ашылып отыр.

Ұсынылып отырған келісімде ұлттық заңнамаға қайшы келетін ережелер жоқ.

Заң жобасы бойынша Парламент Сенатының комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар болмады. Бас комитеттің кеңейтілген отырысында және жұмыс топтарында барлық сұрақтарға толық жауап алдық.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті аталған заңды қабылдауды ұсынады.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақытжан Тұрсынұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Баяндамашылар атап өткендей, халықаралық Түркі Академиясын құрудың негізгі мақсаты – түркі әлемінің ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі тарихы мен мәдениетін зерделеп, жалпы түркі мемлекеттерінің әлемдік кеңістіктегі рөлі мен орнын айқындау.

Қазақстан даласы ежелгі Сақ, Ғұн, Түркі империялары салтанат құрған кеңістік. Сондықтан байырғы тұрғындардың бүгінгі ұрпағы ретінде халықаралық академияның Қазақстанда қалыптасып, түркі әлеміне зерделі ой көтеруге толық құқығы, тарихи негізі бар деп есептейміз.

Халықаралық Түркі Академиясында академияның негізін қалаушы елдер мен түркі әлемінің ғалымдары жұмыс істейді. Академия түркі тарихы мен мәдениетіне бағытталған ғылыми интеграцияны жандандырады. Қазіргі таңда «Ортақ түркі тарихы» оқулығы Әзірбайжан, Қазақстан және Түркия мектептерінің бағдарламасына енгізіле бастады.

Академияның Қазақстанның мемлекеттік органдарымен үйлестіре жүзеге асыратын жобалары ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатқа айтарлықтай үлес қосады.

Келісімді ратификациялау Қазақстанның түркітілдес мемлекеттермен ынтымақтастығына жаңа серпін береді. Осыған байланысты заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Халықаралық Түркі Академиясы түркітілдес мемлекеттер арасындағы ғылыми-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту жолында үлкен рөл атқарып келеді. Сондай-ақ бұл ұйым бауырлас халықтардың тарихи-мәдени мұраларын зерделеу бағытында нәтижелі жұмыс істеуде. Академияның ұйытқы болуымен жыл сайын көптеген маңызды еңбектер жарық көруде. Сол себепті академияның қызметін қолдаудың маңызы зор.

Осы ретте бұл заң Түркі Академиясының түркі әлеміне қатысты ғылыми зерттеулерді үйлестіретін халықаралық бірегей орталыққа айналуына және көздеген міндеттеріне қол жеткізуі үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік береді деп сенеміз. Алдағы уақытта да Түркі Академиясының ғылыми жұмыстарына толайым табыс тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Біздің комитет газдандыру мәселелері бойынша үкімет сағатына дайындық аясында оннан астам жұмыс кездесулерін өткізді. Оған мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, ғылыми институттардың өкілдері мен сарапшылар қатысты. Кездесулер қорытындысы бойынша еліміздің газ саласының жай-күйіне егжей-тегжейлі талдау жүргізілді.

Результаты анализа позволили нам выделить ряд проблем газовой отрасли страны, вошедших в четыре основных блока.

Первый блок. Недостаточность ресурсов. За последние пять лет потребление газа в стране выросло на 35 процентов. По прогнозам, эта динамика сохранится и в этом году.

Наряду с этим у недропользователей сохраняется слабый интерес к новым проектам добычи и переработки газа из-за высоких затрат, низких закупочных цен и рентабельности. Все это может привести к скорому дефициту газа в стране, по запасам которого мы занимаем 22-е место в мире.

Второй блок. Высокий уровень износа газотранспортной системы. Сегодня уровень износа магистральных сетей достиг 75 процентов, а эксплуатируемый срок большинства из них превысил 50 лет.

Кроме того, срок эксплуатации каждой шестой компрессорной станции превышает 50 лет. Сроки безопасной эксплуатации прошли 81 процент скважин подземных хранилищ газа.

Третий блок. Низкий уровень газификации страны природным газом, который составляет 57,7 процента. Сегодня только в семи регионах этот показатель превышает 90 процентов. В то же время уровень газификации в Карагандинской области составляет 3,5 процента, в Восточно-Казахстанской области – 1,3 процента, в Северо-Казахстанской, Акмолинской и Павлодарской областях газоснабжение отсутствует. При этом сроки и пути газификации этих областей окончательно не определены. Строительство газопровода «Сарыарка» ведется с отставанием и сопутствующими проблемами.

Четвертый блок. Недостаточно эффективная система тарифообразования. Сегодня эти функции закреплены за министерствами энергетики и национальной экономики. При этом, начиная с мая 2015 года, был исключен ряд ключевых компетенций по регулированию деятельности субъектов естественных монополий.

Более того, по данным Агентства по защите и развитию конкуренции, процедуры согласования цен, определения объемов реализации газа на внутренний рынок непрозрачны и создают неравные условия для недропользователей, а также лоббирования интересов национального оператора.

С учетом вышеизложенного нами предлагаются следующие меры.

Первое. Проведение преобразований в системе управления отраслью путем пересмотра функций «QazaqGaz» и его дочерних предприятий.

Второе. Разработка дополнительных стимулирующих мер для реализации газовых проектов недропользователями.

Также Министерством энергетики как единым отраслевым регулятором должна координироваться работа по тщательному отбору новых индустриальных проектов, нацеленных на использование газа, на предмет наличия необходимых ресурсов, в том числе на долгосрочный период.

Наряду с этим важно бережное потребление газа. Для этого предлагаем изучить вопрос установления нормативов потребления отдельно для каждого региона с учетом климатических условий.

Третье. Формование новой модели ценообразования на газ. При этом важно обеспечить прозрачность формирования тарифа на газ.

Кроме того, предлагается повысить прозрачность процесса отбора газа у недропользователей путем регулирования объемов поставок на внутренний рынок. А также определить оптимальный механизм по безубыточной газификации новых регионов и защите интересов социально уязвимых слоев населения.

Кроме того, надо учитывать, что с 2025 года в соответствии с Договором о ЕАЭС должен быть сформирован общий рынок газа Союза. Мы уже сегодня должны быть готовы к этому, заранее определить риски и принять меры для защиты внутреннего рынка газоснабжения.

Четвертое. Требуется усиление контрольно-надзорных функций в целях мониторинга целевого использования средств потребителей, недопущения завышения тарифов и повышения публичности процесса регулирования деятельности субъектов газового рынка.

Пятое. Необходим реальный план по газификации областей природным газом. Учитывая медленные темпы строительства газопровода «Сарыарка», завершить газификацию северных регионов к 2025 году, как ранее планировалось, очевидно, уже не удастся.

Сегодня отсутствие газа является одним из главных тормозящих факторов для привлечения инвестиций, создания новых производств, трудоустройства населения и развития экономики регионов и страны в целом.

Поэтому с учетом складывающейся текущей обстановки предлагается предусмотреть наиболее приемлемый вариант газификации регионов, обеспечивающий экономическую и национальную безопасность, в том числе путем пересмотра ранее проработанных проектов по газификации северных областей страны с городов Ишим и Барнаул Российской Федерации.

Депутаттық сауалға жауапты заңда белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, регламентті сақтауларыңызды сұраймын.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша Қазақстандағы су ресурстарының көлемі 2030 жылға қарай жылына 90 текше километрден 76 текше километрге дейін төмендейді. Бұл елдегі су тапшылығы 8 жылдан кейін жылына шамамен 15 пайызды құрайтынын білдіреді. Бүгінге дейін экономикамызда су ресурстарының мұндай жетіспеушілігі болған емес, сондықтан біз әлі де судың тапшылығын сезінбей отырмыз.

Халықаралық сарапшылар атап өткендей, Қазақстандағы су дағдарысы басқару дағдарысына байланысты. Анығын айтсақ, біз су ресурстарын басқарып отырған жоқпыз, тек суға деген сұранысты, яғни су тұтынуды басқарып отырмыз.

1. Бізде әлі күнге дейін республикадағы су ресурстарының қорлары туралы нақты есеп жоқ. Мемлекеттік су кадастрын қазіргідей жеке ұйымдар емес, «Қазгидромет» кәсіпорны жүргізуі тиіс. Ол үшін су қорының мониторингін цифрлық форматқа және қашықтан зондтау технологиясына ауыстыру қажет.

2. Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес Қазақстанның су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемасын жаңарту қажет. Бұл суды ұтымды пайдалану стратегиясы мен тактикасының негізгі шарты.

3. Әрбір су бассейні үшін судың нақты өзіндік құнын анықтау керек. Онсыз су ресурстарын үнемді пайдалану мүмкін емес. Су ресурстары комитетінің бүкіл республикаға енгізген «суармалы судың бірыңғай тарифтері» – бұл нонсенс. Ол әлемдік тәжірибеге қайшы келеді.

4. Суармалы егістіктің тек 16 пайызында тамшылап және жаңбырлатып суару технологиялары пайдаланылады. Су шаруашылығы жүйелерінің 70 пайызы тозған. Басқаша айтқанда, суармалы судың көп бөлігі құмға кетіп жатыр. Сондықтан суармалы егіншілікте мемлекеттік қолдау саясатын өзгерту қажет, оны тек су үнемдеу технологияларын қолданатын шаруашылықтарға беру керек.

5. Жер асты сулары біздің стратегиялық ресурсымыз. Ең алдымен олардың қорлары мен сапасын объективті бағалау, жер асты суларының егжей-тегжейлі картасын әзірлеу қажет. Мұндай ауқымды зерттеулер ғалымдар мен гидрогеолог мамандардың қатысуымен мемлекеттің қатаң бақылауымен жүргізілуі тиіс. Ал біз бұл маңызды жұмысты жеке ұйымдардың басқаруына беріп қойдық. Бір ғана мысал, елімізде мыңнан астам ауылдық елді мекендер жер асты суларымен жабдықтау жүйелері есебінен сапалы ауызсумен қамтамасыз етіледі деп жоспарлап отырмыз, бірақ қазірдің өзінде онда ресми бекітілген жер асты су қорларының мөлшері мен сапасы бойынша сұрақтар туындауда.

6. Халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз етудегі басты мәселенің бірі – су объектілерінде мамандырылған эксплуатациялық ұйымдардың жоқтығы. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша елімізде 700-ден астам сумен жабдықтау нысандары иесіз қалған. Бізде су объектілерін салу үшін басшыларға талап бар, ал оларды күтіп ұстау үшін тиісті деңгейде талап қойылмайды.

7. Су саласында кадрлардың тапшылығы өзекті проблемаға айналды. Біз су шаруашылығы үшін мамандар даярлау мәселесін құр сөзге айналдырып жібердік. Көптеген жылдар бойы барлық жиналыстарда, тыңдауларда осы мәселені айтып келеміз, бірақ оның



шешілетін түрі жоқ. Заманауи кадрларды дайындаудың ең қысқа жолы – Қазақстанда су шаруашылығы бойынша әлемдегі жетекші университеттің филиалын ашу.

Ең бастысы қазір су тапшылығының өсуі жағдайында көптеген елдер су ресурстарын басқарудағы саясатын өзгертіп, осы саладағы мемлекеттік бақылауды күшейтуде. Мұндай елдерде су ресурстарын басқарудың бірыңғай мемлекеттік вертикалы құрылған, су шаруашылығының мамандандырылған министрлігі (агенттігі) ұйымдастырылған. Ал бізде су мәселесімен 6 министрлік, жергілікті атқарушы органдар және «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы айналысады. Жалпы, мемлекеттік органдардың санын көбейте берген дұрыс емес, бірақ біздің жағдайда су шаруашылығын басқаруда үнемдеуге болмайды. Саланың стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, Қазақстанда су ресурстарының интеграцияланған басқару жүйесін қамту үшін бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізетін мамандандырылған дербес су шаруашылығы ведомствосын құруды ұсынамыз.

Құрметпен, сенаторлар Күрішбаев, Сүлеймен, Булавкина, Мусин, Дүйсембинов, Сұлтанов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет.

«Уважаемый Ералы Лукпанович! Настоящий депутатский запрос касается прав людей с инвалидностью – резидентов медико-социальных учреждений стационарного типа, то есть тех, кто постоянно проживает там.

Согласно Закону «О специальных социальных услугах» лицам, находящимся в трудной жизненной ситуации, предоставляется гарантированный объем специальных социальных услуг в условиях стационара.

По данным профильного министерства, на 1 января 2022 года более 22 тысяч человек проживает в медико-социальных учреждениях стационарного типа (МСУ), в том числе в крупных.

В 45 МСУ для престарелых и лиц с инвалидностью общего типа проживает 6700 человек, в Нур-Султане, например, 384 человека в одном учреждении.

В 49 МСУ для лиц старше 18 лет с психоневрологическими заболеваниями проживает более 14 тысяч человек, в Жамбылской области, например, в одном МСУ проживает 630 человек, а в Алматы – 713 человек.

Начиная с 70-х годов прошлого века в мире происходит процесс разукрупнения и деинституализации мест проживания людей с инвалидностью, что нашло отражение в статье 19 Конвенции Организации Объединенных Наций о правах инвалидов, которую Казахстан ратифицировал в 2015 году. Данная статья гласит: «Государства–участники признают равное право всех инвалидов жить в обычных местах проживания, а также обеспечивают недопущение изоляции или сегрегации от местного сообщества».

С какими проблемами сталкиваются резиденты крупных МСУ? В первую очередь – нахождение годами, иногда и всю жизнь в условиях режима в тесном соседстве, а иногда и просто в тесноте, без возможности выбора режима сна и бодрствования, меню питания,

места лечения, да и просто своего соседа (будь то бабушка с деменцией, молодая девушка на коляске, почетный пенсионер или бывший рецидивист).

Но самая главная проблема в том, что, прожив много лет в закрытом учреждении, человек теряет способность жить в социуме. И даже те, кто имел потенциал жить продуктивной жизнью в обществе, со временем такую способность полностью теряют, что минимизирует их шансы на социализацию.

В Казахстане с 2016 года существует практика открытия центров малой вместимости с проживанием до 30 человек в условиях, приближенных к домашним. По данным НПО, многие из этих людей сейчас трудоустроены, многие вернулись в семьи, кто-то создал свою семью. Однако данный опыт не носит системного характера.

Отдельно хотелось бы сказать о резидентах МСУ, признанных судом недееспособными, особенно о тех, кто как бы автоматически перешел в МСУ для взрослых из детских домов по достижении ими 18 лет. Такие люди всегда нуждаются в особом внимании, так как не могут заявлять о своих правах сами.

В докладе независимого эксперта Айгуль Шакибаевой отмечается, что «в условиях проживания лиц в учреждениях опекуном является администрация этих организаций. Налицо очевидный конфликт интересов, который заключается в том, что медицинское или социальное учреждение оказывает услуги и одновременно следит за их соответствием интересам недееспособного гражданина». В этой связи нет возможности получить независимую и объективную оценку качества жизни таких резидентов МСУ, их желания или нежелания жить в подобных условиях.

Уважаемый Ералы Лукпанович! Казахстан, ратифицировав Конвенцию о правах инвалидов, принял на себя обязательства перед мировым сообществом, в том числе в вопросах деинституализации. В то же время сейчас очередь на получение места в МСУ уменьшается, по имеющимся данным, предполагается строительство новых крупных МСУ.

В связи с вышеизложенным просим предоставить ответ на следующие вопросы.

1. Существует ли стратегия деинституализации и разукрупнения МСУ для лиц с инвалидностью в Казахстане?

2. Проводились ли исследования пилотных проектов по домам малой вместимости, и каковы их результаты?

3. Какие существуют планы по улучшению качества жизни получателей услуг МСУ?

Также предлагаем рассмотреть и представить свое видение по следующим вопросам:

1) разработка официальной стратегии разукрупнения МСУ и деинституализации лиц с инвалидностью;

2) утверждение Дорожной карты по внедрению в Казахстане стационарозамещающих технологий для граждан с инвалидностью, которая будет направлена на поддержку семей, получение образования и социализацию данной категории граждан;

3) совершенствование действующего законодательства по вопросам дееспособности, а также института опекунов.

Просим в установленном законом порядке дать письменный ответ на депутатский запрос.

С уважением, депутаты Калтаева, Жусип, Макежанов, Нуржигитова, Рысбекова, Турегалиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2021 жылғы 10 шілдедегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында бір жыл бұрын бейберекет үйілген қоқыс орындарына қатысты жүйелі шаралар қабылдау жөнінде тапсырма бергенін, алайда бұл мәселе әлі шешімін таппай отырғанын атап өтіп, Үкіметке рұқсатсыз қоқыс алаңдарын жою шараларын жүзеге асыруды міндеттеді.

Еліміздегі коммуналдық қалдықтар көлемі жыл сайын өсіп келеді, ресми деректер бойынша жыл сайын 4,5-5 миллион тонна қалдық жиналады, оның тек 1 миллион тоннаға жуығы ғана сұрыпталады, ал қайта өңделетін қалдықтардың мөлшері 13-15 мың тонна шамасында ғана.

Жауапты министрліктің ақпараты бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу 2017 жылғы 2,6 пайыздан 2020 жылы 18,6 пайызға өскен. Сонымен қатар елімізде 31,6 миллиард тоннаға жуық өндірістік қалдықтар жинақталған және де жыл сайын олар шамамен 1 миллиард тоннаға ұлғаяда. Бұл ретте қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесі болмауына байланысты халықтың өмір сүру сапасы мен экологияға айтарлықтай кері әсерін тигізуде.

Өлемдегі тәжірибе бойынша тарифтың жалпы сомасының 50 пайызын қоқыс өңдейтін зауыт, 40 пайызын тасымалдаушы компания, 10 пайызын полигондар алады. Ал Қазақстанда басқаша: тарифтың 65 пайызы қоқыс тасымалдаушы ұйымға, шамамен 17 пайызы өңдеуші зауытқа, 18 пайызы полигонға тиесілі. Бұндай жағдай қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу барысында жақсы табыс табуға мүмкіндік бермей отыр. Осыған байланысты кәсіпкерлер бұл салаға қызығушылық танытпайды. Сондықтан да аталған сала жүйелі және кешенді тәсіл нысанында бизнеске мемлекеттік қолдау болған жағдайда ғана жұмыс істей алады.

Салалық мамандардың пікірінше қалдықтарды басқару бойынша облыс деңгейінде арнаулы бағдарлама, оның негізінде әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік өз бағдарламасын әзірлеу қажет. Бұндай шара қалдықтармен жұмыс істеу үшін ықтимал тарифтен тыс шықпай-ақ инфрақұрылым объектілерін ұтымды орналастыруға мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдің орындылығын Алматы облысының әкімдігі әзірлеген тұтыну қалдықтарын басқарудың өңірлік жүйесін құрудың техникалық экономикалық негіздемесі көрсетті. Мәселен, облыстың барлық аумағы (740 елді мекен) 14 аумақтық кешенге бөлінді. Аумақтық кешендердің шекараларын анықтау критерийлері заңнама талаптарына сәйкес келетін халықтан қалдықтарды жинау және әкету тарифтеріне негізделді. Сонымен қатар халықты 100 пайыз қамту үшін 2025 жылға дейін қалдықтарды кезең-кезеңімен шығару белгіленді. Ол үшін талаптарға сәйкес келмейтін қолданыстағы 354 қоқыс орындары мен 12 полигонның орнына заңнама талаптарына сәйкес келетін 16 заманауи полигонды орналастыру ұсынылды. Бұндай шара халық пен заңды тұлғалар үшін тарифтердің

ашықтығын қамтамасыз етуімен қатар салаға шағын және орта бизнесті тартуға жағдай жасайтыны белгілі болды. Алайда мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде қажетті құқықтық тетіктердің болмауына байланысты дайын жоба іске аспай қалды.

Бүгінгі таңда еліміздегі қомақты бюджет қаражатының басым көпшілігі қоқыс алаңдарын жоюға жұмсалуда, ал әлемдік тәжірибеде бұл сала экономикаға шығын емес, кіріс әкелетін секторлардың бірі екені белгілі. Ол үшін коммуналдық қалдықтарды жүйелі және кешенді басқарудың өңірлік жүйесін құру саладағы мәселелерді шешуге өз ықпалын тигізеді деген ойдамыз және де осыған байланысты келесілер ұсынылады:

1) өнеркәсіптік қалдықтар мен тұтыну қалдықтарын басқару жөнінде кешенді шаралар қабылдау, оларды іске асыру үшін қаржыландыру көздерін айқындау, тиісті нормативтік құқықтық актілер мен салалық бағдарлама әзірлеу;

2) коммуналдық қалдықтар бойынша мемлекеттік есептілікке талдау жүргізу және оның сапасын арттыру шараларын әзірлеу;

3) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеудің өңірлік жүйесін құру, қаржыландыру көздерін айқындау және оны іске асырудың ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету (бұл ретте Алматы облысын пилоттық жоба ретінде белгілеу мәселесін қарастыру);

4) Дүниежүзілік банк ұсынып отырған «Алматы агломерациясының коммуналдық қалдықтарын басқарудың кешенді цифрлық SMART-жүйесі» жобасын іске асыруға қолдау көрсету.

Аталған мәселелер бойынша заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңіз сұралады. Сауалдың толық мәтіні қоса беріледі.

Құрметпен, депутат Дүйсембинов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рысбекова Ләззэт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Алихану Асхановичу Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! На сегодняшний день в Западно-Казахстанской области сложилась непростая ситуация с энергообеспечением. АО «Жайыктеплоэнерго» функционирует более 60 лет и является государственным стратегическим предприятием, обеспечивающим население города Уральска, социальные объекты и предприятия теплом, горячей водой и электроэнергией.

В состав предприятия входят Уральская ТЭЦ, состоящая из двух турбоагрегатов, котельное хозяйство, тепловые сети, тепловые пункты, водозабор, производственная база и транспортный участок.

Уральская ТЭЦ служит источником электроэнергии города. В связи с выводом из эксплуатации одного из турбоагрегатов по причине изношенности (более 90 процентов) требуется реконструкция Уральской ТЭЦ АО «Жайыктеплоэнерго» в части замены турбоагрегата 1960 года выпуска. Замена нефункционирующего турбоагрегата позволит увеличить выработку электроэнергии на 12 мегаватт.

Вместе с тем также по причине изношенности (более 90 процентов) требуется замена другого турбоагрегата, а также ремонт газотурбинной установки.

Для реализации проекта по замене турбоагрегата в 2020 году из республиканского бюджета выделено 252 миллиона тенге, в 2021 году – 2 миллиарда 412 миллионов тенге, из местного бюджета – 45 миллионов тенге.

По итогам 2020 – 2021 годов выполнены работы на сумму 972 миллиона тенге. Оставшиеся средства в размере 1 миллиарда 738 миллионов тенге из-за риска неосвоения были возвращены в бюджет. Это связано с изменением конструктивной части турбоагрегата со стороны завода-производителя (из-за модернизации самого завода), поэтому возникла необходимость проведения корректировки проектно-сметной документации. В результате стоимость проекта выросла на 243 миллиона тенге в сравнении с первоначальной стоимостью по сметному расчету и составила 3 миллиарда 272 миллиона тенге. Эту разницу в 243 миллиона тенге планируется покрыть за счет средств местного бюджета.

Нереализация проекта по замене турбоагрегата несет следующие риски.

Во-первых, при выходе из строя еще одного турбоагрегата возникнет необходимость закупки электроэнергии у других энергопроизводящих станций, у которых цена 1 киловатта выше, чем Уральской ТЭЦ, что, в свою очередь, приведет к росту тарифа на электроэнергию в регионе.

Во-вторых, за 2020 – 2021 годы подрядчику был выплачен аванс. В случае прекращения дальнейшего финансирования проекта имеется риск невозврата авансового платежа.

В-третьих, в рамках данного проекта завод-производитель (АО «Калужский турбинный завод») практически завершил изготовление турбоагрегата. В случае затягивания его установки на Уральской ТЭЦ завод-производитель вправе реализовать оборудование другому покупателю. Повторное изготовление турбоагрегата займет порядка 12 месяцев.

На основании изложенного, а также учитывая важность указанного проекта в первую очередь для жителей города Уральска, просим Вас рассмотреть возможность выделения Западно-Казахстанской области средств в размере 1 миллиарда 738 миллионов тенге, необходимых для завершения проекта по замене турбоагрегата на Уральской ТЭЦ.

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» о результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах по реализации просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, депутаты Парламента Рысбекова, Турегалиев, Жамалов, Кулшар, Имашева, Амирханян». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұралиев Әбділі Тоқбегенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Біздің депутаттық сауалымызға арқау болып отырған мәселе үстіміздегі жылдың наурыз айындағы өңірлерге іс-сапар барысында Тараз қаласы маңындағы Қостөбе ауылының тұрғындарымен кездесуде көтерілген қоршаған ортаның қауіпті шығындылармен ластануы болып отыр.

Бүгінде 350 мыңнан астам тұрғыны бар облыс орталығы Тараз қаласынан шығатын шайынды сулардың, яғни кәріз жүйелерінің тиісті тазарту қондырғылармен қамтамасыз етілмеуі өңірдегі ең күрделі экологиялық мәселеге айналған. Өкінішке қарай, республикадағы облыс орталықтарының ішінде Тараз қаласы кәріз суларын тазартатын арнайы биологиялық тазарту станциясы жоқ бірден-бір облыс орталығы болып қалып отыр.

Қала тұрғындарының өсуіне байланысты көлемі жылдан-жылға артып келе жатқан кәріз сулары технологияға сәйкес қалаға жақын орналасқан Қостөбе ауылының маңындағы тұндырғыш тоғандарында тұндырылып, одан соң алқабы 192 гектарды құрайтын сіңіру және буландыру тоғандарына құйылады.

Тұндыру, сіңіру және булану тоғандары жоба бойынша тәулігіне 43,1 мың текше метр су қабылдау мүмкіндігі болса, нақты жағдайда 65-70 мың текше метр кәріз суын қабылдауда. Бұл жобалық сыйымдылықтан 1,5 есеге артық. Нәтижесінде технологиялық процестер бұзылып, тоғандар шектен тыс мөлшердегі кәріз суын қабылдауды қамтамасыз ете алмауда. Судың сіңіру карталарындағы тоғандардың бетпе-бет толуы және асып түсуі әсерінен шайынды сулар қала іргесіндегі Жамбыл ауданының аумағына, нақтырақ айтсақ Жамбыл, Қостөбе ауылдарының маңайына жайылып, қоршаған ортаны жағымсыз иісті зиянды төгінділермен ластауда. Сондай-ақ тазартылмаған су каналдары арқылы ауданның Сұлукөл көліне құйылып, жағалай орналасқан елді мекендердің төрт түлік малдарына да қауіп төндіруде.

Зертханалық зерделеу нәтижесінде ағынды су құрамындағы қатты заттардың рұқсат берілген нормативтен 69 есе, аммоний азотының 1,6 есе, нитраттардың 2,4 есе артық мөлшері анықталған. Осылайша бүгінгі күні ауыл аймақтарында қалыптасқан экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жергілікті жұртшылықтың жанайқайын, күйінішті наразылығын тудыруда.

Аталмыш мәселе өткен жылдары Жамбыл облысынан Сенат депутаттары болып сайланған біздердің тарапымыздан Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығына депутаттық сауал ретінде жолданған. Алайда депутаттық сауалдардың ресми жауабында көзделген іс-шаралар өз деңгейінде жүзеге асырылмауда.

Қазіргі таңда көтеріліп отырған мәселенің өзектілігіне орай қалалық кәріз суларын тазалау кешенін салу жобасының техника-экономикалық негіздемесі (ТЭН) дайындалып, «Мемлекеттік сараптама» РМК-ның қарауына ұсынылған. Десек те бірқатар себептермен шайынды суларды тазалау кешенін салу жобасының одан әрі іске асырылу жұмыстары бүгінгі күні тоқтап тұр.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, елді мекендерде адам өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету мақсатында Тараз қаласындағы кәріз суларын тазалау кешенін салу жобасының іске асырылуына қолдау көрсетіп, республикалық бюджеттен қаржыландыру мәселесіне ықпал етуіңізді сұраймыз.

Аталған мәселелер бойынша депутаттық сауалды қарау нәтижелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Нұралиев, Қожамжаров, Орынбеков, Мамытбеков». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2022 жылғы 21 сәуір**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Тюркской Академией об условиях и порядке размещения Тюркской Академии», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі**  
**А.Қ. АЙМАҒАМБЕТОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра образования и науки Республики Казахстан  
АЙМАҒАМБЕТОВА А.Қ. .... 1

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

ҚҰРТАЕВ Ә.С. .... 2

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі**  
**Б.Т. ЖҰМАҒҰЛОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
ЖУМАГУЛОВА Б.Т. .... 3

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

ҚАПБАРОВА А.Ж. .... 4

**Депутат Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата СУЛТАНОВА Е.Х. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 6

**Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**



Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 7

**Депутат Л.М. ҚАЛТАЕВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КАЛТАЕВОЙ Л.М. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. .... 9

**Депутат С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБИНОВА С.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 11

**Депутат Л.Т. РЫСБЕКОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата РЫСБЕКОВОЙ Л.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 12

**Депутат Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НУРАЛИЕВА А.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 13

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева